

ТАҚЫРЫП:

ТАҢДАУ ОПЕРАТОРЛАРЫ

Қайталау сұрақтары


- 1.Тармақталу алгоритмі дегеніміз не?
2. Шартты операторы дегеніміз не?
3. Шартты операторының жазылу үлгісі
4. Шартты операторының түрлері?

Жоспар

1. Таңдау операторы туралы жалпы сипаттама
2. *Case* таңдау операторы.
3. Таңдау операторының шартты оператордан айырмашылығы.

ТАҢДАУ ОПЕРАТОРЛАРЫ

Таңдау операторы алгоритмдік тілдегі таңдау командасына ұқсағанымен бірге, аз өзгешілігі бар. Алгоритмдік тілде таңдау шарт бойынша орындалса, Паскаль тілінде тұрақтылар бойынша іске асырылады. Таңдау операторы былай орындалады: өрнектің мәні берілген тұрақтының қайсысына тең болса, оның сәйкес операторы орындалады да, басқару таңдау операторының, сонындағы операторға беріледі.



CASE ТАҢДАУ ОПЕРАТОРЫ

Case таңдау операторы көп тармақты алгоритмді барынша қарапайым және көрнекті түрде жазуға мүмкіндік береді. Тармақталу берілген шартты тексеруден басталады, шарт мәндері таңдап алынған типтердің бірі болатын бүтін, символдық, логикалық өрнек түрінде жазылады. Бұл өрнек оператор орындалар кезде белгілі бір мәнге ие болуы тиіс. Сол мән оған байланысты орындалатын оператордың белгісі ролін атқарады. Егер өрнектің есептелген мәні көрсетілген мәнінің біріне сәйкес келсе, сол қатардағы оператор орындалады.

CASE операторының блок-схемасы

Жазылу форматы:

```
Case <селектор-өрнек> of  
<1-тұрақты>: <1-оператор>;  
<2-тұрақты>: <2-оператор>;  
.....  
<n-тұрақты>: <n-оператор>;  
Else <n+1-оператор>;  
End.
```

Мұндағы өрнек – тексерілетін шарт таңдау индексі (селектор); 1, ... n – тұрақтылар, яғни өрнектің мүмкін мәндері ; 1- оператор, 2- оператор, n- оператор – тілдің кез-келген операторлары; < k –оператор> -өрнектің мәні көрсетілген мәндерден басқаша болғанда орындалатын тілдің кез-келген операторы.

If шартты операторы мен case таңдау операторының орындау нәтижесі

```
var baga:integer;  
begin  
writeln('baga?');  
readln(baga);  
if (baga=1) or (baga=2) then  
writeln ('ote nashar!')  
else if baga=3 then writeln('nashar')  
else if baga=4 then writeln('zharaydi')  
else if baga=5 then writeln('zhaksy!')  
else writeln('onday baga zhok');  
end.
```

```
var baga:integer;  
begin  
writeln('baga?');  
readln(baga);  
case baga of  
1,2:writeln(' ote nashar') ;  
3:writeln('nashar');  
4:writeln('zharaydi') ;  
5: writeln('zhaksy!') ;  
else writeln('onday baga zhok');  
end;  
end.
```

Case оператордың жол операторы **string**-пен қолдануы

Program M1;

```
var month : string;
```

```
begin writeln ('айдың нөмірін енгіз от 1 – 12');
```

```
readln (month);
```

```
case month of
```

```
'qantar','aqpan','zheltoqsan' : writeln('қыс');
```

```
'nauryz','sair','mamyр' : writeln('көктем');
```

```
'mausym','shilde','tamyз' : writeln('жаз');
```

```
'qyrkuek','qazan','qarasha' : writeln('күз');
```

```
else writeln ('енгізу қате!');
```

```
end;
```

```
end.
```


Практикалық бөлім

1. Айдың нөмірін жазып, қандай жыл мезгілін анықтайтын программа жазу керек.
2. Апта ішіндегі күннің нөмірін анықтау және апта күнінің атын шығаруға арналған программа құрыңыз.